

Орда облысы  
Шым ауданы Елбекшілер  
депутаттарының  
Қарасу

қаласының атқару  
қарары

**Историческая справка.**

Әкімшілік комитет  
Қарасуского  
райондық деп. труд.  
районного района  
Сарыарқын облысы

Исполком Карасуского Сельского совета народных депутатов  
от слухивает Кулдузский оаце совхоз. И его организации

" *ас* 1978  
№ 7  
г. Қарасу

учреждений население сельского Совета. Ранее об работе  
материалы- документы за 1943 - 1968 годы. Хранятся в канцере сельсов  
та. В настоящем с 1969 по 1974 год. Об работе материалы тоже хра-  
нятся в канцере сельсовете. Справки подтверждаем не достаточные  
делов не открыта и не найдены из-за текучества кадров сельсовета.

Председатель исполкома Карасуского

сельского совета народных депутатов: *Кайып* **И. Жангалиева.**



0000

3 | 1

00

Жалпакталский филиал  
государственного архива  
Западно-Каззахстанской области  
с. Жалпактал.

Исполнительный комитет  
Карасуского сельского Совета  
народных депутатов. Зул. Карасу.

### историческая справка

исполнительный комитет Карасуского сельского Совета депутатов  
грудящихся с 1977 года исполнительный комитет народных депутатов  
Фурмановского с 1993 года жалпакталского района, Западно-Каззахстан-  
ской области образовано на основании решений исполкома областного  
Совета депутатов грудящихся "О внесении изменений в административно  
территориальное деление некоторых сельских Советов области от 6-апр-  
еля 1963 года за № 128 с объединением Карасуского и Турпшенского  
сельских Советов в один Карасуский сельский Совет на центральной  
усадьбе вновь организуемого Аулдузского овцесовхоза селе Карасу с  
административно-территориальным обслуживанием совхоза Аулдузский.

На основании решений первой сессии сельского Совета состоящих-  
ся в мае 1963 года председателем сельского Совета утверждено Т. Му-  
хамбетов, секретарем сельского Совета Султанов.

По ведомственным учреждениям сельского Совета являлись Кар-  
суский средний, Аулдузский восьмилетний, Бостандыкский начальный шко-  
лы, Карасуская сельская библиотека, фельдшерско-акушерский пункт и де-  
ский сад.

На основании Закона Президента Республики Каззахстан от 9 декабря  
1993 года "О досрочном прекращении полномочий местных Советов народ-  
ных депутатов республики Каззахстан" и согласно решений вне-очередной  
семинадцатой сессии двадцать первого созыва районного Совета народ-  
ных депутатов состоявшихся от 10 декабря 1993 года, как и все сель-  
ские Советы района так и Карасуский сельский Совет народных депутатов  
приостановил свой деятельности.

К документам фондообразователя 1967-1977 годов было проведено  
упорядочение архивных документов за период 1935-1977 год. За это пе-  
риод через ЗИМ облгосархива утверждены и взяты на государственный  
учет по описи № 1 539ед постоянного хранения по описи № 1 " 33ед. хра-  
нения по личному составу и выделено к уничтожению 348дел, как не име-  
ющие научно-исторической ценности и утрачивающие практическое значе-  
ния.

Наиболее типичными документами являются протоколы сессий, засе-  
даний, документы постоянных комиссий, статистические и бухгалтерские  
отчеты.

В государственном хранении фондообразователя присвоено 28 до-  
двой номер.

При составлении исторической справки использованы документы  
самого фондообразователя, а также документы архивного фонда исполни-  
тельного комитета районного Совета депутатов грудящихся.

Директор филиала : *А. А. Уйсеков*



4.05.1997 г. б.р.с 14487.

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік  
мұрағатының Жалпақтал филиалы.

Жалпақтал ауылы.

Қарасу ауылдық округі. Қарасу ауылы.

### Тарихи анықтама.

Жалпақтал аймақтық орталық округіне қарасты Қарасу ауылдық округі, Қазақстан Республикасы Президентінің Халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитеттерінің өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтату жөніндегі 1993-ші жылғы желтоқсан айының 9-ы күнгі жарлығына сәйкесті және Батыс Қазақстан облысы әкімінің ауылдық жерлерде ауылдық округтерін құру жөніндегі 1994-ші жылғы сәуір айының 4-ші күнгі № 53-ші қаулысына сәйкесті, таратылған Халық депутаттары Қарасу селолық Советі атқару комитетінің негізінде құрылған.


Жаңадан құрылған Қарасу ауылдық округінің әкімі болып, Жалпақтал аймақтық орталық округі әкімінің осы 1994-ші жылғы сәуір айының 9-ы күнгі № 1-2-ші шешіміне сәйкесті А. Нурмашев тағайындалады.

Ауылдық округінің атқаратын негізгі міндеттері:

- қандай да бір мазмұнда болмасын келіп тұскен мәліметтерді тіркеу
- қызмет бабындағы тиісті мәліметтерді жасау және жөнелту.
- алқа межілісі құжаттарын дайындау.
- округ тұрғындарының арыз шағымдары мен хаттарын есепке алу және сол арыз шағымдардың тиісті деңгейде қаралып орындалуын бақылау.

Ауыл округі әкімінің шығарған қаулысы мен қабылдаған өкімі шешімдері, округ тұрғындарының құрамы мен отбасы жаңуындағы адам сандары жөніндегі статистикалық есептер, жылдық округ бюджетінің кірісі мен шығысы жөніндегі есептер, ауылдық округінің іс жүргізу барысындағы негізгі құнды құжаттары болып табылады.

Осы тарихи анықтаманы құрастырарда негізінен Қарасу ауылдық округінің негізгі құжаттары мен Жалпақтал ауданы әкімшілігінің негізгі құжаттары пайдаланылды.

Жалпақтал филиалының директоры:  И. Дуисеков.



Қарасу ауылдық округі  
Қарасу ауылы

9

### Т а р и х и а н ы қ т а м а

13.05.2004 жыл

Қарасу ауылдық округі, Қазақстан Республикасы Президентінің халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің өкілеттіктерін мерізімінен бұрын тоқтату жөніндегі 1993 жылғы желтоқсан айының 9-ы күнгі жарлығына сәйкес және Батыс-Қазақстан облысы әкімінің ауылдық округтер құру жөніндегі сәуір айының 4-і күнгі № 53-ші қаулысына сәйкесті таратылған халық депутаттары селолық Советі атқару комитетінің негізінде құрылған.

Ауыл округінің негізгі міндеттері :

- Ауыл округі әкімінің қабылданған шешімдері мен өкімдерінің орындалуын бақылау.
- Округ әкімінің жанындағы әртүрлі комиссия отырыстарына іс-құжаттар дайындау.
- Ауыл тұрғындары мен өткізілетін жалпы жиналыстарды оздыру, олардың хаттамаларын толтырып отыру.
- Елді мекендерді абаттандыру.
- Қоғамдық мекемелердің жұмыстарына бақылау-басшылық жасау.
- Округ тұрғындарының құрамы мен от басы жанұядағы адам сандары жөніндегі статистикалық есептерді тиянақтау.
- Түрлі мазмұндағы тұрғындардан келіп түскен арыз-шағымдарға дер кезінде жауап беру.

Ауылдық округі әкімшілігінің негізгі құрылымдары мен штаттық кестесіне тоқталар болсақ

Округ әкімшілігінде мемлекеттік қызметте 2 ( екі ) маман жұмыс істейді. Олардың негізгі атқаратын жұмыстары іс-құжаттарын реттеу, әртүрлі мазмұндағы анықтамалар беру, азаматтарды қабылдау, әкімшіліктің қабылдайтын шешімдері мен өкімдерінің жобасын дайындау. Жұмыссыздықпен күресу, халықты еңбекке орналастыру, қоғамдық негізде жұмысқа алу, тұрғындардан салық жинау, және малдардың статистикалық есептерін жүргізу саласы бойынша жұмыс бөлісіп алған.

Қарасу ауылдық округінің 1998-2002 жылдар аралығындағы құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдап, ғылыми-техникалық өңдеуден өткізгеннен кейін төмендегі тізімдемелер жасақталды.

Тұрақты сақталатын істердің № 1-ші тізімдемесіне 17 ( он жеті ) іс енгізілді. Олар аудан және ауылдық округі әкімдерінің шешімдері, өкімдері, округ әкімшілігінің жұмыс жоспарлары, округ тұрғындарының жалпы жиналыстарының хаттамалары, істерді тіркейтін журналдар. Сондай-ақ жеке шаруашылықтардағы малдардың саны жөніндегі статистикалық есептер

Тұрақты сақтаудағы істердің № 2-ші тізімдемесі жасалып, оған 1996-2000 жылдар аралығындағы 22 ( жиырма екі ) іс енгізілді

Бұл округ әкімшілігіне жеке құрам жөніндегі істердың № 1-ші тізімдемесі жасалған жоқ. Себебі бұл тізімдемеге кіретін құжаттар жоқ болғандықтан.

Бұл тізімдемеге кіретін істерді ауыл әкімінің маманы А.Сдыков осы жылдың наурыз айында әкеліп тапсырды.

Енді құжаттардың физикалық жәй күйі және олардың сақтау жағдайларына тоқталар болсақ

Құжаттардың физикалық жәйі қанағаттанарлық, ал сақтау жағы өте төмен. Іс-қағаздарының жоғалу фактісі орын алады.

Осы округте 19 ( он тоғыз ) шаруашылық кітабы жоқ болып ұзақ уақыт іздестіріліп қайта-қайта тексерулер, жазбаша қатынас қағаздарын жіберудің нәтижесінде ол құжаттар табылды.

Құжаттар мемлекеттік тілде жазылған.

Тұрақты сақтауға жатпайтын, тарихи құндылығы жоқ 45 ( қырық бес ) іс іріктелініп алынып жою актісі толтырылған

Сондай-ақ тұрақты сақтауға жататын құжаттарды техникалық сараптаудан өткізген кезде жоқ болып шыққан құжаттарға жетіспейтін құжаттар актісі жасалды.

Өткен жылдың 17-ші шілде айында қордағы құжаттардың түгелдігі мен жәй-күйіне тексеру жүргізілді.

Мемлекеттік сақтауға тапсырылып отырған құжаттардың бәрі дерлік түпнұсқа күйінде қабылданды.

Жалпақтал филиалының  
директоры :



Б.Бекешев.

Батыс-Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатының  
Жалпақтал филиалы.

Қарасу ауылдық округі

Қарасу ауылы.

## Т а р и х и а н ы қ т а м а

17 қаңтар 2008жыл.

Қарасу ауылдық округі, Қазақстан Республикасы Президентінің халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің өкілеттіліктерін мерізімінен бұрын тоқтату жөніндегі 1993 жылғы желтоқсан айының 9-ы күнгі жарлығына сәйкесті және Батыс-Қазақстан облысы әкімінің ауылдық жерлерде ауылдық округтерін құру жөніндегі сәуір айының 4-і күнгі № 53-ші қаулысына сәйкесті, таратылған, халық депутаттары селолық Советі атқару комитетінің негізінде құрылған.

Ауылдық округінің атқаратын негізгі міндеттері :

- Ауыл округі әкімінің қабылданған шешімдері мен өкімдерінің орындалуын бақылау.

- Ауыл тұрғындардың жалпы жиналыстарын оздыру.

- Елді мекендерді абаттандыру

- Қоғамдық жұмысқа тартылған жұмысшыларды орынды пайдалану.

- Округ тұрғындарының құрамы, демографиялық саясат мәселесі.

- Мамандарды лауазымына қарай жұмысқа қосу

- Округ аппаратының бюджетін қадағалау.

Ауылдық округі әкімшілігінің негізгі құрамдары мен штаттық кестесіне тоқталар болсақ.

2005 жылдан бастап, округ әкімшілігінде 1 жетекші маман әртүрлі салаға жауап беретін 3 маман, округ әкімінен басқа 4 маман қызмет істейді.

Олардың негізгі атқаратын жұмыстары, іс қағаздарын жүйелеу, азаматтарды қабылдау, әкімшілік апараты қабылдайтын шешімдер мен өкімдердің жобасын дайындау.

Жұмыссыздықпен күресу, халықты еңбекке жұмылдыру, қоғамдық негізде жұмысқа тарту. Жанұя құрамдарының санын алу, шаруашылық кітаптарын сауатты толтыру.

Қарасу ауылдық округінің бұрыннан мемлекеттік сақтауда тұрған құжаттарына осы жылдың қаңтар айынан бастап, ғылыми-техникалық өңдеу жүргізіліп нәтижесінде.

80 ескі мұқабалар ауыстырылып, 97 мұқаба, 90 парақ желімделді, 142 мұқаба рәсімделді, 80-іс қайта қалпіне келтіріліп, түптеп тігілді, 1356 парақ қайта нөмірленді. 289 іс маңызына және мерізіміне қарай жүйеленді. 32 бума қалыптастырылды. 32 бумаға жаңадан жапсырма жаңартылды.

Бұл қорды ғылыми-техникалық өңдеуден өтізу кезінде 12 іс өзінің тарихи құндылығын жойғандықтан жоюға бөлініп алынып акт түзелді , 2-іс ажыратылды. Жаңадан 48 іс қабылданды.

Жаңадан үш тізімдеме жасалып 289 сақтау бірлігі енгізілді.

Тұрақты сақталатын істердің № 1-ші тізімдемесіне 1935-2005 жылдар аралығындағы 73 ( жетпіс үш ) іс , Тұрақты сақталатын істердің № 2-ші тізімдемесіне 1936-2005 жылдар аралығындағы 187 ( бір жүз сексен жеті ) іс, жеке құрам жөніндегі істердің № 1 “ж” тізімдемесіне 1965-2005 жылдар аралығындағы 29 ( жиырма тоғыз ) іс енгізілді.

Осы қорды өңдеу кезінде төмендегі құрамдағы құжаттардың мемлекеттік сақтауға түспегендігі анықталды.

Жеке құрам жөніндегі істердің № 1 “ж” тізімдемесі бойынша жеке құрам жөніндегі 1975-1979 жылдар аралығындағы бұйрық кітаптар, 1965-1976,1979, 1986,1994-1995 жылдардағы еңбек ақы есептеу ведомістілері тұрақты сақталатын істердің № 2-ші тізімдемелер бойынша 1943-1973 жылдардың шаруашылық кітаптары .

Сондай-ақ 01.10.1997 жылдан 2000 жылдар аралығындағы еңбек ақы есептеу ведомістілері № 5-ші қор мен бірге есептелінген. Өйткені осы жылдары ауылдық оқуруінің қызметкерлері Жалпақтал ауылдық округі әкімшілігінен еңбек ақы алып тұрған.

Жаңадан жасалған тізімдемелерге төмендегідей ғылыми-техникалық анықтамалық ақпарат жасалды. тиісті актілер, тарихи анықтама, қор карточкалары толтырылды.

Құжаттары мемлекеттік сақтауда тұрған № 28-ші қордағы құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Жалпақтал филиалының  
директоры :



Б.Бекешев.

**Тарихи анықтама  
(жалғасы)**

**10 қаңтар 2013 жыл**

Округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі ұйымдастыру жұмыстары Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында көрсетілген бағытпен жүргізіліп келеді. Қарасу ауылдық округі әкімі аппараты өз жұмысын жоспарлы негізде, округтегі қоғамдық кеңеспен, ақсақалдар алқасымен, әйелдер кеңесімен келісімде жүргізіп келеді. Округте тұрғын үй көмегі, атаулы әлеуметтік көмек, 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысын тағайындау жөніндегі, мүгедектер ісі жөніндегі комиссиялар жұмыс істеуде.

**2006 жылы ауылдық округі** әкімі қызметің Р.Лукпанов атқарды. Округ аумағында 2 орта, 2 бастауыш, 1 күндізгі емдеу мекемесі, «Таза су» қондырғысы Қарасу ауылында салынып іске қосылып халыққа қызмет етті. Округ аппаратында 1 бас маман, 3 жетекші маман, 1 күзетші, 1 автомобиль жүргізуші және учаскелік полиция болды. Қарасу ауылында балабақша мен мәдениет үйіне жылу жүйесі тартылып сол жылу жүйесіне маусымдық жұмысқа кісілер алдық. Одан басқа Қарасу, Жұлдыз ауылдарында кино қондырғы тұрақты қызмет атқарды. Мал шаруашылығында ірі қара малдары 3564 бас, қой – ешкі 7100 бас, жылқы 346 бас, түйе 111 бас, құс 1917 бас. Осы малдан алынған төл: бұзау – 1043 бас, қозы-лақ – 4009 бас, құлын – 79 бас, бота – 13 бас. Жеке кәсіпкерлер Даукенов Нұрлан, Мұрынова Айғаным, Какимов Сенбай, Абиева Ботагоз, Ергалиев Жақсылық, Тажкенова Қаракоз т.б сауда саттықпен айналысып халықтың мұн – мұқтажын Орал қаласынан жеткізіп тұрды. Телефон жүйесі орнақталып 70 телефон номерлері халыққа қызмет етті.

**2007 жылы ауылдық округің** әкімі Р.Лукпанов округ аумағындағы мәдени орнындардың дамуына өзінің қызметін атқарды. Ащысай, Бостандық елді мекендерінде кітапхана орындарын даярлап кітапханалар ашты. Округ аумағында 4 кітапхана жұмыс істеп жаңа кітап қорларымен толтырылып халық сұраныстарын орындады. Ауыл тұрғындарының Орал қаласына қатынау үшін 4 жеке УАЗ автокөліктері тиісті орындардан рұқсат қағазын алып ауыл адамдарының мұқтаждарына және қалада оқып жатырған студент балаларына қатынасу үшін жағдай жасалды. Көп балалы 164 отбасы атаулы көмек алды. Тұрақты жұмысқа орналасқан адамдар саны – 18. Ауыл тұрғындарының қолдарындағы төрт түлік мал саны төмендегідей: ірі қара малдары 4710 бас, қой – ешкі 8200 бас, жылқы 330 бас, түйе 103 бас, құс 1917 бас болды. Осы малдарды егіп – емдеу жұмыстарына 2 мал дәрігері жұмыстанып уақытылы аса қауіпті жұқпалы ауруларға дер кезінде егу жұмыстары жүргізілді.

**2008 жылы ауылдық округі** әкімі Р.Лукпанов. Жыл басындағы есеп бойынша округ аумағында аула саны – 393, отбасы саны – 463, 2019 адам есепте тұрды. Округтегі тұрғындарды 49 ауылшаруашылық тракторлары тіркеме құралдарымен қолдағы малдарына 76,3 мың цт. табиғи шөп дайыдап тасып алды. Қолда бар мал есебі: ірі қара малдары 3868 бас, қой – ешкі 8391 бас, жылқы 390 бас, түйе 92 бас, болды. 23 шаруа қожалық құрылып онда 46 адам еңбек етті. Осы жылғы есеп бойынша зейнеткерлер саны – 250, мектеп жасындағы оқушылар – 509 адам, ақылы қоғамдық жұмыспен – 75 адам қамтылды. Кәсіптік оқуға 5 адам жолдамамен жіберілді. Тұрақты жұмысқа 35 адам алынды. Атаулы көмек алған адамдар 252.

Округте 3 ФАП, 1 күндізгі емдеу мекемесінде 11 медбике халық денсаулығы күзетінде еңбек етті. Күндізгі емдеу мекемесіне жаңа технологиямен жабдықталған медициналық препараттар алынды.

Мектеп жатаханасында 68 оқушы тәрбиеленіп, балабақшаға 57 бүлдіршін қабылданды.

Ауыл ішінде 9 жеке кәсіпкер арнайы құжатпен (патент) халыққа қажетті тағам, киіммен қамтамасыз етті. Қарасу орта мектебіне бір кабинет жаңа компьютерлермен жабдықталды. Ең жаңа талап деңгейінде құрал алынып физика кабинеті жабдықталды. Қарасу орта жалпы білім беретін мектеп ішінен еңбек, қол өнер пәнінің мұғалімі Н.Қапашев бір бөлмеге мұражай ашып көне көз ауыл тұрғындарынан жәдігерлер жинақтап өз қол өнер туындылармен толықтырды.

Қарасу ауылына Beeline ұялы телефон мұнарасы қондырылып байланыс аясы кеңіді. Облыстық кіші ауылдар арасында ауыл тазалығымен абаттандыру номинациясы бойынша Қарасу ауылдық округі Жұлдыз ауылы жеңімпаз атанып 1 миллион тенге мөлшерінде қаражатқа ие болды.

**2009 жылы ауылдық округ** аумағында саңақ бойынша аула саны 378, отбасы саны 459, адам саны 2024. Округ тұрғындар қолдарында ірі қара малдары 4165 бас, қой – ешкі 8684 бас, жылқы 322 бас, түйе 101 бас, болды. Шаруа қожалықтар саны 23. Олардың малдарының есебі: ірі қара малдары 274 бас, қой – ешкі 443 бас, жылқы 79 бас, түйе 17 бас болды.

Әкім аппаратында бас маман міндеттері:

- ұйымдастыру
- кадрлармен жұмыс
- компьютермен жұмыс істеу
- ҚР Президентімен Үкіметінің Жарғы жолдауларын халыққа насихаттап жеткізу, басшылыққа алу
- арыз шағымдарды қарау
- атаулы әлеуметтік көмек құжаттарын толтыру
- жалғыз бастыларға көмектесу
- тұрмыс төмен отбасыларымен жұмыстану
- ауылдың тыныштығы, тазалығы, кезекшілікті ұйымдастыру.

Әкім аппараты жетекші маман міндеттері:

- ауыл тұрғындарының төрт түлік мал есебі
- кіріс, шығыс құжаттарын толтыру, вет. паспорт беру
- жер туралы шекараларын қарау
- төтенше жағдайларды басқару ( өрт, су тасқыны)
- мал азағын дайындауды қадағалау, тиісті орындарға шөп шабу жөнінде ақпарат беру
- ауылдың тазалығы санитарилық жағдайы, мал моласы айналасын қоршау (полигон), күл қоқыс орындарын әзірлеу, ауылдың күл қоқыстан тазалау.

Статист - маман міндеттері:

- көп балалы жаңұялардың әлеуметтік картасын жасақтау, материалдық жағдайын анықтау
- балалар жәрдем ақысына арнайы құрылған комиссияға құжаттар ұсыну
- Семей полигонында болған, Чернобыль апатына қатысқан, Ауған соғысына қатысқан адамдардың құжаттарын жинақтап құзырлы органдарға тапсыру.

Қарасу ауылы орта жалпы білім беретін мектебі күрделі жөндеуден өтті. Қарасу мектебімен әкімшілік ғимараты компьютерлері интернет желісіне қосылды.

2010 жылы ауылдық округте штат бойынша әкім, бас маман, 3 жетекші маман, штаттан тыс еден жуушы, оператор, үш күзет, іс жүргізуші, жастар жетекшісі, автомобиль жүргізуші және 3 әлеуметтік қызметкер болды.

Округ аумағында 31 шаруа қожалық болды сонын 23 малмен айналысты. Ауыл тұрғындарында 54 ауыл шаруашылық тракторлары тіркемелерімен қызмет етті. Көктемгі су келуіне байланысты ауыл аумағындағы бөгеттер көтеріліп Жырық өткел, Арыстан, Талсай бөгеттері биіктетіліп жөнделді. Қарасу, Төреғали ауыл айналасы дамбалары көтерілді. Орал қаласынан Айдархан су қоймасына жұмысқа келген мекеме көмекке бір камаз, бір топырақ тиейтін техника, бір бульдозер тракторы көмек етті.

Қарасу ауылдық округі 2006-2010 жылдары аралығындағы құжаттары № 28 қорға тұрақты сақтауға мемлекеттік мұрағатқа қабылданды.

Қабылданған құжаттарды тарихи және ғылыми мазмұндылығына қарай өндеп, сараптап бөлгенде құрамы төмендегіше болды.

**Тұрақты сақталатын істер бойынша № 3 тізімдемеге** 2006-2010 жылдар аралығындағы 51 (елу бір) іс енгізілді.

Олар: Округ әкімінің шешімдері, ауылдық округі әкімінің өкімдері, ауылдық округі тұрғындары жиналыстарының хаттамалары, жылдық жұмыс жоспары, қосалқы шаруашылықтағы малдардың саны жөніндегі статистикалық есептер (№24 нысын), көп балалы аналарды мемлекеттік наградалармен марапаттау жөніндегі құжаттар (ұсыныстар, анкетелар), ауылдық округінің қызметі жөніндегі анықтамалар, ақпараттар, шешімдерді орындау жөніндегі құжаттар (анықтамалар, актілер, қортындылар), ауылдық округі әкімінің шешімдерін тіркеу журналы, ауылдық округі әкімінің өкімдерін тіркеу журналы, штат кестесі, жылдық бухгалтерлік есеп.

**Жеке құрам жөніндегі істердің № 3-ж тізімдемесіне** 2006-2010 жылдар аралығындағы 23 (жиырма үш) іс енгізіліп отыр.

Олар: Мемлекеттік қызмет өтілін белгілеу туралы хаттамалар, жұмыстан босатылған қызметкерлердің еңбек шарттары, қызметкерлердің еңбек ақы есептеу ведомостары міндетті зейнетақы жарналарын аудару жөніндегі құжаттар (тізімдер, төлем тапсырмалары), әлеуметтік төлемдерді аудару жөніндегі құжаттар (тізімдер, төлем тапсырмалары).

**Тұрақты сақтауға жататын № 4 тізімдемеге** 2006-2010 жылдар аралығындағы 21 (жиырма бір) іс енгізілді.

Олар: Шаруашылықтардың әліпбилік кітабы, шаруашылық кітабы (шаруа қожалықтары), шаруашылық кітаптары.

**№ 2 «ж» тізімдемесі** 2009, 2011 жылдар бойынша жұмыстан шыққан қызметкерлердің жеке істері 2 (екі) іс енгізілді.

Олар: Нұртазина Гүлбану Ерболатовна, Бегалиева Жанаргүл Қуановна

**№ 2 уақытша сақталатын істердің** (10 жылдан жоғары) тізімдемесі ұсынылмаған, себебі 10 жылдан жоғары құжаттар жоқ.

Ғылыми техникалық өндеу кезінде жетіспеген және оларды табу көздер анықталмаған істерге акт жасалынды.

Ғылыми-тарихи құндылығы жоқ және практикалық маңызын жойған құжаттар ретінд жоюға іріктелініп № 28 қордан шығарылған 30 (отыз) іске акт жасалынды.

Қорға қабылданған құжаттардың бәріде қазақ тілінде баяндалған.

Жалпақтал филиалының директоры :



Ғ.Елекешев

УЫЛЫ

1

бастау  
кірген.  
үрсету,  
1937  
етеген.  
ылдық

уралы  
8 –ші  
еттері,  
99-ші  
гіріліп

ептер

а дер

ктебі,

18-ші  
және  
ынын  
Жас